

## Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қакпақ ауылы округі Сырлысай елді мекенінің шекарасын өзгерту және белгілеу туралы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 1 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 13/89-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 25 сәуірде № 6523-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 1, 5-тармақтарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, Қазығұрт ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазығұрт аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Қакпақ ауылы округі Сырлысай елді мекенінің шекарасына Қазығұрт ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 16,31 гектар жерді қосу арқылы, Қакпақ ауылы округі Сырлысай елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы ауданы 143,31 гектар шекарасында белгіленсін.

2. Осы бірлескен Қазығұрт ауданы әкімдігінің қаулысы мен Қазығұрт аудандық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Қазығұрт ауданы әкімдігінің қаулысы мен Қазығұрт аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазығұрт ауданының әкімі*

*Қазығұрт аудандық мәслихат төрағасы*

*А. Исмаилов*

*Т. Калымбетов*